«Арқалық қаласының орталықтандырылған
кітапхана жүйесі» ММ
*Әдістеме – библиография бөлімі*

# *«Өнердің құдіретін ұққан жан»*

***Қоғам қайраткері, сазгер, күйші,***
***Арқалық қаласының құрметті азаматы***
***Кәки Шәріпұлы Ақан***
***90 жыл (1935-2024)***

***ЖАДНАМА***

**«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ**
***Әдістеме – библиография бөлімі***

# *«Өнердің құдіретін ұққан жан»*

***Қоғам қайраткері, сазгер, күйші,***
***Арқалық қаласының құрметті азаматы***
***Кәки Шәріпұлы Ақан***
***90 жыл (1935-2024)***

***ЖАДНАМА***

**Арқалық қаласы 2025 жыл**

ӘОЖ 011
КБЖ 91
Ө 58

**Құраст., компьют.терген:** С. М. Көшкінбай
**Жауапты: ред:** Д. Е. Құсайын

**Құрастырушы:** С. М. Көшкінбай
**Шығарымға жауапты:** Д. Е. Құсайын
**Мұқабаны безендірген:** С. М. Көшкінбай
**Редактор:** Л. Б. Исабекова

Өнердің құдіретін ұққан жан [Мәтін] : [жаднама] // Қоғам қайраткері, сазгер, күйші, Арқалық қаласының құрметті азаматы Кәки Шәріпұлы Ақан тағанына 90 жыл мерейтойына арналған) : Жаднама / «Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Л. Б. Исабекова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 48 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Қоғам қайраткері, сазгер, күйші, Арқалық қаласының құрметті азаматы Кәки Шәріпұлы Ақан тағанына 90 жыл мерейтойына арналған оқырмандар назарына ұсынамыз. Бұл жаднамаға Кәми Шәріпұлы Ақанның өмірі мен шығармашылығы жайындағы ақпарат жинақталған.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
Әдістеме-библиография бөлімі

# *Болмысы бөлек тұлға*



Торғай өңіріне белгілі қоғам қайраткері, әуесқой сазгер, күйші, Арқалық қаласының Құрметті азаматы Ақан Кәки Шәріпұлы 1935 жылы 12 тамызда Қостанай облысы, Амангелді елді мекенінде дүниеге келген. Еңбек жолын 1953 жылы Амангелді орта мектебінде пионер ұйымының жетекшісі қызметінен бастаған. Жігерлі жас жігіттің іс-қимылы, ұйымдастырушылық қабілеті оның Амангелді аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болып жоғарлауына игі ықпал етеді. 1962 жылы партиялық жұмысқа ауысып, 1980 жылға дейін Қазақстан компартиясы Амангелді аудандық комитетінде нұсқаушы, сектор, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1980-86 жылдары аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы, 1986-90 жылдары аудандық партия комитеті жанындағы партия комиссиясының төрағасы болды. Ақан Шәріпұлы бірнеше мәрте Амангелді аудандық партия комитетінің пленум, бюро мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып сайланған. Ол партия жұмысында жүріп сырттай Қостанай ауылшаруашылық техникумын және СОКП Жоғары партия мектебін бітірді.

Әсіресе, 60 жылдары бастау алған өнерлі жастардың жігерлі бастамаларына Кәки Шәріпұлының да қосқан үлесі мол. Сол кезде халық театрының жұмысы қайта қолға алынып, жандана түсті. Өз замандастарымен бірге сахнаға шығып, рольдерде ойнап өнерімен тамсандырды. Қолына баянын алып, Біржансал, Ақансері, Үкілі Ыбырай, Мәди және Естайдың әндерін орындағанда ерекше әсем күйге бөленесің. Ғажап дауысы, әннің үндестігі еріксіз өнеріне бас идіреді. Талантты азамат өзінің рухани өмірін басқаға үлгі ретінде көрсете білді. Ол аудандық халық өнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі бола жүріп, талай байқауларға қатысып, жеңімпаз атанды. Кәки Шәріпұлы халқымыздың жыршылық, термешілік өнерін де жанына серік еткен. Сахнада күй тартып қана қоймай өз жанынан ән шығарумен де айналысты. Тәуелсіз Қазақстанның 15 жылдығына орай өткізілген облыстық байқауда оның өзі шығарған «Елім менің» және «Қаһарманым-ерлерім» әндері екінші орындарды иеленіп, халықтық әнге айналды.

1988 жылы Торғай облысы жабылғанда ол Көкшеге көшіп, ол жақта 1990-95 жылдары «Өрнек» кооперативі төрағасының орынбасары болып істеді. Осы кезеңде Абылай ханның 280 жылдығына орай Бурабайда ашылған мұражайдың ұйымдастыру жұмыстарына айтарлықтай үлес қосты.

Ол он бес жыл Арқалық қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Арқалық қаласы ардагерлер кеңесін Кәки Шәріпұлы Ақан басқарған уақытта қала жұртшылығына үлгі болатындай бірқатар игі істер атқарылды. Ол ардагерлерден құрылған «Қазына» көркемөнерпаздар үйірмесі еді. Үйірме ұжымға айналып, облыстық, қалалық байқаулардың бірнеше мәрте жүлдегері атанды. Қарттарға қамқорлық жасауда, олардың талап тілектерін

орындауда мемлекеттік орындармен тығыз байланыста жұмыс жасады. Ол ардагерлерді жарқын іске жұмылды отырып, шаһардың өсіп-өркендеуі мен әлеуметтік мәселелеріне, жастардың патриоттық рухта тәрбиеленуіне елеулі еңбек етті.

Кәки Шәріпұлы тек өнерпаз ғана емес, қолы тұнып тұрған шебер. Ұлттық ою-өрнектерді салып, кебеже, сандық, тосағаш жасайтын өнері тағы бар.

Кәки Ақанның еңбегі де еленбей қалмады. «Еңбек Қызыл Ту ордені» және бірнеше медаль, грамоталармен марапатталған.

Торғай өңірінің белгілі азаматы, қоғам қайраткері Кәки Шәріпұлы Ақан ұл-қыздарын тәрбиелеп өсіріп, немере-шөбере сүйіп, ұрпақ өрбіткен – бір әулеттің ғана емес, барша елдің ақылманы, арқа сүйер асыл тұлғасы болды.

Өмірінің әр кезеңінде халық игілігі үшін аянбай еңбек етіп, қай істе де жауапкершілігімен, парасаттылығымен, шынайы адамгершілік қасиеттерімен көпшілікке үлгі бола білді. Елдік мұрат жолында атқарған сан салалы қызметі, әсіресе, өнер мен мәдениетті дамытудағы өлшеусіз еңбегі, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі оның жарқын бейнесін ел жадында мәңгілік қалдырмақ.

Қайда жүрсе де елдің сөзін сөйлеп, бірлігін ойлаған абзал азаматтың ғұмыры – тұтас бір дәуірдің шежіресі. Ол тек мемлекеттік қызметпен ғана емес, шығармашылық жолымен де елге танылып, қазақтың әні мен күйін, жыры мен термесін ұрпаққа аманаттаған руханият жанашыры ретінде бағаланды.

Асыл аға, ардақты тұлға Кәки Шәріпұлы Ақан 2024 жылы өмірден озды. Оның жарқын бейнесі, елге сіңірген еңбегі мен жүрекке жеткен өнері ұмытылмақ емес. Артында қалған мол мұрасы мен адамгершілікке толы өмір жолы туған елі мен халқының жүрегінде мәңгілік сақталады.

## Кәки Шәріпұлы Ақанның шығармасы:

1. Ақан, Кәки Шәріпұлы. Өмір тарихы [Мәтін] / К.Ш. Ақан ; [алғы сөз жазғ.: Х. Мұсабаев]. – Қостанай: Шапақ, 2017. – 294 б.

## Мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалары:

### 2019

2. Шәріпұлы, Кәки. Ұмытылмайтын ұлы есім [Мәтін] : [ұстаз Ғыжудан Қасымов туралы] / К. Шәріпұлы // Amankeldi araiy. – 2019. – 14 маусым. – Б. 7.
3. Шәріпұлы, Кәки. Іскер қыз – Тамара [Мәтін] : [кәсіпкер Т. Соколова] / К. Шәріпұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 14 маусым. – Б. 4.
4. Шәріпұлы, Кәки. Қасиетті мейрамдарымызды қадірлейік ағайын! [Мәтін] : [Рамазан айы] / К. Шәріпұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 31 мамыр. – Б. 3.
5. Кәки, Ахан. Қасиетті мейрамдарымызды қадірлейік, ағайын! [Мәтін] : [Рамазан айы] / А. Кәки // Amankeldi araiy. – 2019. – 31 мамыр. – Б. 6.
6. Шәріпұлы, Кәки. Асыл ана, аяулы жар Қатыкен! [Мәтін] : [естелік] : [өнер тарланы Мейрамхан Қапышұлының жары Қатыкен Әбуғалиқызы туралы] / К. Шәріпұлы // Amankeldi araiy. – 2019. – 19 сәуір. – Б. 7.

### 2018

7. Өткен күндерден белгі бар [Мәтін] : [қоғам қайраткері Кәки Ақан Шәріпұлының Батпаққара ауданының құрылу тарихы туралы әңгімесі] / АА" газеті редакциясы // Аманкелді арайы. – 2018. – 17 тамыз. – Б. 3.

### 2014

8. Ақан, Кәки. Жеңістің жетпіс жылдығы алыс емес [Мәтін] : [ардагерлер ұйымының V Пленумы туралы : автордың фотосы бар] / К. Ақан // Торғай. – 2014. – 25 шілде. – Б. 3.
9. Ақан, Кәки. Елдіктің ерен үлгісі [Мәтін] : [Президент Жолдауы : автордың фотосы бар] / К. Ақан // Қостанай таңы. – 2014. – 28 қаңтар. – Б. 5.

### 2013

10. Ақан, Кәки. Туған-туыстың ортасында қартаю да бақыт [Мәтін] : немесе 95 жасқа келген Ұлы Отан соғысының ардагері Өтетілеу Сүлейменов жайлы бірер сөз : [суреттер бар] / К. Ақан // Қостанай таңы. – 2013. – 2 шілде. – Б. 6–7.

### 2012

11. Ақан, Кәки. Ардагерлер ұйымының жұмысын жақсартайық [Мәтін] : [ардагерлер ұйымының Петропавл қаласында өтілген "Ардагерлер

белсенділерінің аймақтық" атты семинары туралы] / К. Ақан // Торғай. – 2012. – 17 қыркүйек. – Б. 4.

12. Ақан, Кәки. Жолдау - жақсылықтың жаршысы [Мәтін] : [ел басы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халыққа жолдауы туралы] / К. Ақан // Арқалық хабары. – 2012. – 3 ақпан. – Б. 5.
13. Ақан, Кәки. Шуақты қарттық қамы [Мәтін] : [ардагерлер ұйымының кезекті VI съезі туралы] / К. Ақан // Торғай. – 2012. – 13 қаңтар. – Б. 1.

**2010**

14. Шәріпұлы, Кәки. Ардагерлердің ұлағатты істері [Мәтін] : [қалалық "Ардагерлер" клубының өнерлері туралы] / К. Шәріпұлы // Торғай. – 2010. – 9 шілде. – Б. 4.

**2009**

15. Ақан, Кәки. Соғыс ардагерлеріне үнемі көңіл бөлінуде [Мәтін] : [соғыс және тыл ардагерлеріне арналған көмек] / К. Ақан // Арқалық хабары. – 2009. – 5 ақпан (№ 6). – Б. 6.

**2008**

16. Ақан, Кәки. Беделді қоғамдық күш [Мәтін] : [қалалық ардагерлер ұйымының кеңесі туралы] / К. Ақан // Торғай. – 2008. – 10 қазан. – Б. 4.
17. Ақан, Кәки. Ағаның нұрлы жолы [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Мұратқали Камалұлы туралы] / К. Ақан // Торғай. – 2008. – 22 тамыз. – Б. 4.

**2007**

18. Ақан, Кәки. Еліне еңбегі сіңген азамат [Мәтін] : [еңбек ардагері Қуаныш Ақыбайұлының еңбегі туралы] / К. Ақан // Қостанай таңы. – 2007. – 5 қаңтар. – Б. 5.

**2006**

19. Шәріпұлы, Кәки. Ел тірлігі - ел бірлігі [Мәтін] : [қаламыздың 50жылдық мерекесі қарсаңында] / К. Шәріпұлы // Торғай. – 2006. – 23 маусым. – Б. 1.
20. Ақан, Кәки. "Жеңіс - ерліктің, батырлықтың, достықтың үлгісі " [Мәтін] : [қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кәки Ақанмен сұхбат] / К. Ақан ; әңг. Ғанибет Ғалымбекұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 5 мамыр. – Б. 4.
21. Ақан, Кәки. Біздерге үлкен міндет жүктеді [Мәтін] : [Ұлы Отан соғысы ардагерлер съезі] / К. Ақан // Торғай. – 2006. – 5 мамыр. Б 4.

**2005**

22. Ақан, Кәки. Ұлы тойға ұлы көш боп қатысты [Мәтін] : [Жеңістің 60 жылдығына орай] / К. Ақан // Торғай. – 2005. – 24 маусым. Б. 4.

## *Ол туралы:*

23. Амантайұлы, Дархан. Наурыз - сахналық мереке емес, халықтық мереке! [Мәтін] / Д. Амантайұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 20 ақпан. – Б. 1, 3.

**2018**

24. Алтын ұя-бесігім [Мәтін] : Аманкелді ауданының 90 жылдық тойына ән шашу : [ән нотамен берілген] / сөзі мен әні Кәки Шәріпұлынікі // Қостанай таңы. – 2018. – 14 қыркүйек. – Б. 8.
25. Жантасұлы, Әбдіғали. Кәки ағаға [Мәтін] : [Кәки Шәріпұлына : өлең] / Ә. Жантасұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 2 наурыз. – Б. 3.
26. Амантайұлы, Дархан. Қария қазынасымен бөлісті [Мәтін] : [Арқалық қаласының құрметті азаматы Кәки Шәріпұлының жаңа кітабының тұсаукесері] / Д. Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 2 наурыз. – Б. 3.

**2016**

27. Молдашұлы, Болат. Қарттарым, аман сау жүрші! [Мәтін] : [өлеңдер] / Б. Молдашұлы // Арқалық хабары. – 2016. – 21 қазан. – Б. 3.

**2015**

28. Бопина, Марал. Жастайынан көшбасшы [Мәтін] : [Тыл ардагері Кәки Ақан 80 жасқа толып отыр] / М. Бопина // Арқалық хабары. – 2015. – 11 қыркүйек. – Б. 4.
29. Жүнісұлы, Мұрат. Сексендегі сері аға [Мәтін] : [ардагерлер ұйымының төрағасы Ақан Кәки Шәріпұлы 80 жаста] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2015. – 11 тамыз. – Б. 7.
30. Жапарұлы, Молдатай. Ағаға ақ тілек [Мәтін] : [өлең] / М. Жапарұлы // Арқалық хабары. – 2015. – 7 тамыз. – Б. 5.
31. Есмағанбетов, Қайрат. Шаттық қонған шаңырақ [Мәтін] : [еңбек ері Кәки Ақан 80 жаста] / Қ. Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2015. – 7 тамыз. – Б. 8.
32. Жүнісұлы, Мұрат. Сексенде серілігін тастамаған... [Мәтін] : [еңбек ері Кәки Ақан туралы] / М. Жүнісұлы // Арқалық хабары. – 2015. – 7 тамыз. – Б. 8.
33. Қазымбеков, Қуанышбай. Келіп қапсыз сексенге [Мәтін] : [өлең] / Қ. Қазымбеков // Арқалық хабары. – 2015. – 7 тамыз. – Б. 5.
34. Қойшыбайұлы, Мұқият. Кәки Ақан мерейтойына [Мәтін] : [өлең] / М. Қойшыбайұлы // Арқалық хабары. – 2015. – 7 тамыз. – Б. 5.
35. Мұсабаев, Хамитбек. Алаштың абыз ақсақалы [Мәтін] / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2015. – 31 шілде. – Б. 5.
36. Ахметбеков, Б. Ардагерлер ән салды, ел - жұрт тамсанды [Мәтін] : [ардагерлер ұйымынан құрылған ұлт аспаптар ансамблі жұршылықты әнге бөледі] / Б. Ахметбеков // Торғай. – 2015. – 19 маусым. – Б. 3.

**2013**

37. Жүнісұлы, Мұрат. Ардагерлерді не толғандырады? [Мәтін] : [Арқалық қалалық ардагерлер кеңесінің Пленумы өтті : сурет бар] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 12 наурыз. – Б. 2.

**2010**

38. Омарұлы, Өтеген. Жеті өнер иесі болатын [Мәтін] : [қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кәки Шәріпұлы Ақан туралы] / Ө. Омарұлы // Арқалық хабары. – 2010. – 20 тамыз. – Б. 3.
39. Есмағанбетов, Қайрат. Сан алуан өнер иесі [Мәтін] : [қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кәки Шәріпұлы туралы] / Қ. Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2010. – 6 тамыз. – Б 3.
40. Мұсабаев, Хамитбек. Жанымен ұққан өнердің құдіретін [Мәтін] : [өлеңдер] / Х. Мұсабаев // Арқалық хабары. – 2010. – 6 тамыз. – Б. 3.
41. Тілемісұлы, Темір. Арнаулар [Мәтін] : [өлеңдер] / Т. Тілемісұлы // Торғай. – 2010. – 6 тамыз. – Б. 5.
42. Шөкен, Майра. Алтын арқау [Мәтін] : [қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кәки Шәріпұлы Ақан 75 жаста] / М. Шөкен // Торғай. – 2010. – 6 тамыз. – Б. 4.

**2005**

43. Байжан, Ахметхан. Аға туралы ақиқат [Мәтін] : [ардагер Кәки Ақан туралы] / А. Байжан // Торғай. – 2005. – 12 тамыз. – Б. 4 б.




***Кәки Ақанның тағылымды туындысы***

***Ол туралы жарияланған кітаптар***




Әділбек ЖАҚЫП
ҰЛЫ ДАЛА:
Торғай тарландары
Ғұмырбаяндық энциклопедия
екінші том

САРЫАРҚА САЗЫ-2009

# АРДАГЕРЛЕРДІҢ ҰЛАҒАТТЫ ІСТЕРІ



**Кәки ШӘРІПҰЛЫ,**
**Арқалық қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы**



***"Ел іші – өнер кеніші" – дейді дана халқымыз. Бұл даналық сөз дүниеге келген адамдардың өткен өмір жолдарынан жинақталған тәжірибенің қорытындысы болар. Адам баласының қолынан келмейтін іс жоқ, адамнан артық өмірде тіршілік жоқ, болмақ та емес. Алланың берген табиғатынан біреу ғалым, біреу ұстаз, біреу дәрігер, біреу хас шебер болса, енді біреулер өнерге жақын болады.***

Менің мұны айтып отырғаным, біздің қаламызда да осындай таланттар жеткілікті. Әсіресе, өнер саласында Торғай өңірінің атағы республикаға мәлім екені аян. Жазушы да, ақын да, жыршы-термеші де, әнші де жетіп артылады. Әсіресе, қарттарымыздың арасында. Оған дәлел қалалық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған "Ардагерлер" клубының өнегесі.

Бұл клуб өз жұмысын 2000 жылдан бастады. Оған дейін тек аты ғана болатын. Ардагерлер ұйымының негізгі қызметін атқара жүріп, соның бір саласы мәдени-көпшілік жұмысын жандандыруды қолға алдық. Кеңестің алқасы және тәрбие, мәдени-көпшілік жұмыстар жөніндегі тұрақты комиссиясы біріге отырып, іс-шаралардың жоспарын жасап, оны алқа отырысында қарап бекітті. Оның негізгі мақсаты жастар арасында қарттарымыздың өнегелі істерін кеңінен насихаттау, олармен кездесулер өткізіп, өнер көрсету. Неден бастау керек? Әрине, клубқа жаңа мүше тартудан. Жоғарыда айтылғаныңдай, қаламыздағы өнерлі қарттарымыздың басын қосып клуб жұмысының мақсаты түсіндірілді.

Әділін айтсам, шақырылған ардагерлердің бірде-біреуі қарсылық білдірместен клуб жұмысына белсене араласатындығын білдірді. Сөйтіп, ардагерлер клубы өз жұмысын бастап кетті. Бүгінге текті 30 мүшесі бар. Алды 80-де, арты 65 жаста. Барлығы да жас кездерінде облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларда жүлде алғандар. Атап айтсақ: Ақторта Әбілева, Бақытжамал Қалтаева, Айман Серкешева, Мария Васильевна Лисиенко, Татьяна Ивановна Чокан, Валентина Юрьевна Волкова, Гаухар Әлмерек, Балдырған Оспанова тамылжыта ән шырқаса, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім Вера Владимировна Фаткина, Ықылас Ғұбайдоллаұлы, Сапар Шәріпұлының орындаған көркемсөз бен әзіл-сықақтары жұрт көңілінен шығып жүр. Ал күйші Бейсенбай Ержановтың, Болғанбай Ақшаловтың орындаған күйлерін, әнші-термеші Қазбек Иіпұлы мен Қайыркен Хамзиннің әндерін халық сүйсініп тыңдайды. Мандолинші Қажыбек Қаненовтің өнері бір төбе.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Жұмағали Сүлейменұлы Өмірбектің өнері халқына кеңінен танымал. Оның орындаған әндеріне тыңдарманы қашанда ерекше қол соғып, қошамет көрсетіп отырады.

Ал, енді осы клуб жұмысының бір жүйеге түсіп қалыптасуына, оның мәдени деңгейінің жоғары болуына, орындаушылардың шеберлігін шыңдауда ерекше еңбек сіңірген, қаламыздағы арнаулы орта оқу орындарында көп жылдардан бері өнер саласынан ұстаздық қызмет атқарып келе жатқан, бірнеше байқаулардың жүлдегерлері Әмина Сарманова мен Қарлығаш Жақыпбекованың еңбегін ерекше атап өтуге тиістімін. Екеуі де зейнеткер, бірақ жұмыс істейді. Солай болса да ардагерлермен дайындалуға уақыт табады, "жұмысымыз көп, қолымыз тимейді" деп айтып көрген емес. Бұл екеуіне де «Ардагерлер» клубы дән риза, алғыс айтады.

Міне, осындай ұйымшыл ардагерлердің бір ниетте, бір тілекте болуының нәтижесінде біздің клуб өз жұмысын жүйелі түрде бастап, бүгін қала халқының құрметіне бөленіп отыр. Екі дүркін көркемөнерпаздардың қалалық байқауына қатынасып бірінде бас жүлдені, екіншісінде үшінші орынды дегендей, зор марапаттауларға ие болды. Клуб жұмысының ауқымы кеңейді. Бұрын мереке күндері қарсаңында қала жұртшылығына ғана өнер көрсетсек, енді Арқалық қаласына қарасты елді мекендерді аралай бастадық.

«Арқалық ауылшаруашылық тәжірибе стансасы», "Бірлік-К" ЖШС-нің шаруашылықтарында болып, егін науқаны басталар алдында концерт қойып, диқандардың еңбекке деген құлшынысын бір көтеріп тастадық. Жалғыз қырман қызған кезде емес жылдың басқа маусымында да ел арасында болып жүреміз. Мұның сыртында көршілес Амангелді, Жангелдин аудандарына да барсақ деген ойымыз бар.

Клуб жанында құрамында 13 адамы бар ұлт-аспаптар ансамблі және 30 адамнан тұратын көп дауысты хор ұйымдастырылған. Оларға Әмина Сарманова мен Қарлығаш Жақыпбекова жетекшілік етеді. Клуб мүшелерінің барлығы да осы қалаға еңбегі сіңген ардагерлер.

Бірі ұстаз, бірі ауыл шаруашылығының маманы, бірі есепші, бірі мемлекеттік қызметкер, бірі мәдениет саласында еңбек еткен. Алайда, қазірде барлығының мақсаты бір жерден шыққан жандар. Біраз уақыттан бері бір-бірімен араласып келе жатқан, кейін туыстай болып кеткен. «Ардагерлер» клубының концерттік бағдарламасы қазақ, орыс халық әндері, ұлы Жеңістің ерлері, тың игеруге байланысты әндер, терме, күй, әзіл-сықақ, көркемсөз жанрларымен қамтылған. Бағдарлама бір жарым сағатқа жоспарланған. Тыңдаушыларын жалықтырмайды, қайта көңіл хошын көтеріп отырады. Концерт соңында ақсақалдар ақ батасын беруден жаңылмаса, көрермен қауым өз ризашылығын жергілікті баспасөз беттерінде жариялап жатады. Сондай-ақ, ардагерлердің концерті теледидар арқылы қала жұртшылығына көрсетіліп тұрады. «Ардагерлер» клубының осындай жетістіктерге жетуіне біріншіден қарттарымыздың өз құлшынысы, ынтасы, қабілеті, ұйымшылдығы болса, екіншіден қалалық Мәдениет сарайы ұжымының қарттарға деген қамқорлығы ерекше болуынан дер едік. Қалалық Мәдениет сарайының жанынан «Ардагерлер» клубына арнайы кең де жарық, әрі жылы бөлме бөлінген. Ардагерлер жетісіне үш рет осы бөлмеге жиналып дайындық өткізіп келді. Әр кез Мәдениет сарайының сәнді, ұлттық айшықтағы киімін киіп шығамыз.

Ауылдарға барарда автобус көлігі дайын тұрады. Ардагерлер, тек көркемөнерпаздар үйірмесіне қатынасумен шектелмей, мерекелер қарсаңында қала бойынша өткізілетін шахмат, дойбы ойындарынан сайысқа түсіп, жүлделі орындарға ие болып келеді. Атап айтсақ, олар Берік Есенбаев, Николай Павлович Ромащенко, Рахымжан Бектұрғанов, Хамит Досжан, Абдолла Бекешевич Якубов және тағы басқалар. Николай Павлович Ромащенко жасы жетпістен асса да қаламыздағы "Былғары доп" клубын басқарып, жастарды футбол спортына үйретуден жалықпай келеді. Ол Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы, қаланың құрметті азаматы.

Қалалық ардагерлер кеңесінің атқарып жатқан жұмыстарының ауқымы кең, менің тоқталып отырғаным соның бір саласы ғана.

Игі істердің барлығы қала әкімінің қолдауымен, әкімнің әлеуметтік-мәдени салаға басшылық жасайтын орынбасарының араласуымен жүргізіледі.

Қорыта айтқанда, ардагерлер қашанда қатарда. Олар қарттық жасқа жетсе де көңілдері жас, көкіректері ояу жандар. Бойларындағы адами қасиеттерін, өмірден көкірегіне түйгендерін, өнерлерін кейінгі ұрпаққа жеткізуден жалықпайды.

**Қасиет қонып, құт дарыған біздің өңірімізден ісімен еліне қадірі артқан талай ұл мен қыз түлеп ұшты. Олардың ішінде білімнің шыңына шыққан ғалым, өнер майталманы, спорт саңлағы, әнші мен биші, жыршы мен күйші, батыр мен мерген, жұртына адал қызметімен жағып мәртебесі тасыған жоғары қызмет иелері де бар. Солардың бірі де, бірегейі Кәки АҚАН ақсақал екені даусыз.**
**Кәки ШӘРІПҰЛЫ білімді, өнерпаз, спортшы, көптеген лауазымды қызметтерді абыроймен атқара білген азамат, досқа адал, уәдеге берік, отбасына қамқор жан. Саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, сан салада еңбек етіп, абыроймен зейнеткерлікке шықты. Тобыл – Торғай өңіріне сыйлы, абыз ақсақал бүгінде халқының ықыласына бөленіп, бақытты ғұмыр кешуде. Олай болса, ел ағасы атанған сыйлы қария, ақылы көлдей дария Кәки ақсақалдың – мерейлі 87 жасымен «Арқалық хабары» газетінің ұжымы атынан құттықтай отырып, ол кісі жайлы замандас – сыйлас азаматтарының пікірлерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.**

# Қадірлі қария – 87 жаста



«Сонау 1953 жылдары орта білім беретін мектепті бітіріп, еңбек жолын бастаған Кәки Шәріпұлының бар тіршілігі бізбен бірге өтті. Содан да болар көз алдымызда өскен, уақыттың қандай да бір қиындығына қарсы тұрып шыңдалған, жақсылығын құшақ жая қарсы ала отырып, оны өзінің игілігіне жарата білген Кәкиден замандастары, қатар-құрбылары талай дүниені үйренгенін көрдік. Ол мектепте оқып жүргенінде Сейіт Тымпиев деген мұғалім ұйымдастырған үйірмеге қатынасып, домбыра тартуды үйренді. Домбыраны жай үйреніп қана қоймай, оның қыры мен сырын жете меңгеріп, ол арқылы өзін күй тартудың шебері етіп көрсете білді. Домбыраның Кәкеңе бергені аз емес еді. Ән айтуға машықтануына үлкен көмек жасады. Әнді де, күйді де нәшіне келтіре орындауына домбыра жол ашты, талантын шыңдады, оның туа біткен қабылетін елге танытты. Күні бүгінге дейін домбырасы қолынан түспеген Кәкең оны қастерлей білді, қасиетті деп қадір тұтты. Содан да болар, домбыра тарту өнеріне ұлы Әділді үйретіп қана қоймай, оны осы саладағы жоғары білімі бар маман етіп шығарды. Әділ де домбыра тартудың жолын да, жөнін де жоғарғы оқу орнынан біліп қана қоймай, өзінің талантының арқасында шырқау биігінен көрініп жүр. Шебер орындаушы ғана болмай, домбыра өнеріне жастарды үйретуде. Сөйтіп, Әділ баламыз қазақ халқының дәстүрлі өнерін өрге сүйреп жүргендердің тобына қосылды. Бүгіндері қаладан ғана емес, Торғай өңіріндегі домбыра үйренгісі келген талантты жастарды оқытып жүр. Сөйтіп, қазақтың қасиетті домбырасының даңқын аспандатар жастардың жетекшісі атанып, ұстаздық міндетін мүлтіксіз атқарып келеді. Соған ризалық сезімін білдіріп жүргендердің бірі менмін. Оның тартқан күйін, ол орындаған классикалық шығармаларды тыңдай бергің келеді. Өйткені, оның орындауындағы кез келген шығарма бойыңа қуат, көңіліңе шаттық сезімін ұялатады. Кәки Шәріпұлы жас кезінен волейбол ойнаудың шебері еді. Ол өзінің Шапай Хасенов, Орынбасар Смағұлов, Тәшім Құсайынов, Ғазез Мұқатов тағы басқа замандастарымен қосылып, аудан, облыс көлемінде өткен жарыстардың жүлдегері атанып жүрді. Сол уақытта волейбол ойыны жастар арасында өте өріс алған спорт түрі болатын. Екінің бірі волейбол ойынына бой ұрып, өзін сол салада жетістікке жетудің жолына салғаны және өте жақсы нәтижелерге қол жеткізгені белгілі. Солардың бірі де, бірегейі де осы Кәки болатын. Кәкеңнің осы волейбол ойынындағы шеберлігі өзінде, бірге ойнаған командалас достарын да аудан халқына танымал етті.

Кәки Шәріпұлы сөйлеп кетсе сөзге шебер, айтар ойын көптің көкейіне әсерлеп жеткізе алатын, көкірегі ояу, көңілі көлдей адам. Қандай бір жиындарда сөз алып сөйлей қалса, елдің ризалығына ие болардай пікір айтқанын естіп, біліп, көріп жүрміз.

Тағы бір ерекшелігі, танымайтын адамы жоқ. Кездескен адамның іші-бауырына өтіп, амандық сұрасқанына риза боласың. «Ой, айналайын, сен пәленшенің баласы екенсің ғой» деп. Ол адамды білетіндігін тілге тиек ете отырып, ол жөнінде жақсы-жақсы сөздерін айтып жатады. «Жақсы сөзге жан семіреді» дегендейін, кездескен жан оның сөзіне ризалық білдіріп, көңілі көтеріліп, қуанғандық ықыласта болады. Сондай жандар Кәкеңді өзіне жақын санап, үнемі ілтипатпен қарайды.

Кәки Шәріпұлы үлкендік жолмен салиқалы жиындарда бата беріп жүр. Бата- үлкен адамның еліне, өзін қоршаған ортаға, ауылдастары мен жақындарына деген тілегі. Оны өлеңдетіп те, жай қара сөзбен де жеткізуге болады. Кәки Шәріпұлы отырыстың жағдайына, жиынның түріне қарай бата бере алатын дәрежеге жеткен адам. Бұл бүгінгі күннің қажеттілігі. Содан да болар, Кәки Шәріпұлы берген батаға риза болып, ол кісіден бата тілеп жатады.

Кәки Шәріпұлы бойы толған тәлім, ойы тұнған тарих, сөзі шешен, өзі көсем бола білген жан. Отырған ортасына айтары бар, жүрген жүрісінен де мін таппайсың. Сондай жанның бізбен бір жүргеніне, бізбен бір болғанына қуанамыз. Оның ортамызда жүре бергенін тілейміз!»

**Хамит ДОСЖАНОВ**

« Кешегі 90-шы жылдың кім-кімге болса да жеңіл болмағаны рас. Солай дей тұрғанмен, өз ортасынан басқа ортаға түскенде де, яғни, Көкшетау облысында да ұжым басшыларының бірі болып абыроймен зейнетке шығуы. Тумысынан еңбекпен өткен өмір жолы Кәки ағаны үйде отырғыза алмады, еңбек етуді жалғастырады. Ал, 2000 жылы қала ақсақалдарының қалауымен ардагерлер ұйымына басшылыққа келді. Қызығы мен шыжығы көп осы ұйымды он бес жыл басқарды. Осы еңбек жолында қала басқаруға келген жеті әкіммен тіл табысып, ақсақалдармен арадағы көпір болып, көптің көңілінен шығуда дана халқым айтпақшы «арбаның алдыңғы доңғалағы» бола білді.

Өнер десе ішкен асын жерге қоятын, жасынан «жігітке жеті өнер де аз» - деп түсінетін, жаны нәзік, сұлулық сырын, оның ішінде ән-саз құдіретін серік еткен сері жүрегі, он ойланып, бір толғанып, өзі сияқты өмірді бағалайтын қадірлі қарияларымыздан «Қазына» атты шығармашылық көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырды. «Қазына» қалаға ғана таныс болмай, көршілес Аманкелді, Жангелдин, Жарқайың аудандарының халқына өнерлерін тамашалатты. «Жаным десе, жан семіреді» демекші, халықтың ықыласы қазынаның шабытына шабыт қосып, облыс және республикалық байқаулардың жүлдесін жеңіп алды. Ал, сексеннің сеңгіріне шығып, ел алдында ризашылығын білдіріп, асқан ілтипатпен демалысқа шықса да өзінің «халықтық атаққа ие болған» қазынасынан қол үзбей, көршілес Наурызым, Әулиекөл аудандарына барып өз жүрегінен шыққан «Ардагерлер әні» жеке дауыста хорды бастап халыққа тарту етті, ардагерлердің ұранына айналдырды.

Өмір тек қана күнгейден тұрмайды, оның көлеңкелі жақтарының да болуын ешкім де қаламайды, бірақ адамның емес, жаратушы иенің дегені болады. Осындай жағдай жақсы ағаның да басынан өтті, ғұмырлық серігінен айырылды, бірақ «еменнің иілгені сынғаны» демекші, иілмеді, жаратушы иенің сынағын көтере білді.

Елдің елеулісі, халықтың қалаулысы асыл ағаның еселі еңбегі, ұзақ жылғы қызметі, мемлекет тарапынан «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, «Ерлік еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен наградталды.

Ал, он бес жыл ардагерлер ұйымын басқарғанда Орталық ардагерлер ұйымының V съезіне делегат, әрі мүше болып, екі рет Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін», «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл», «Тыңға 50 жыл», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65, 70 жылдығы» медальдарымен наградталды. Сонымен қатар Орталық ардагерлер ұйымының «Құрмет белгісінің» иегері, облыстық меценаттар клубы сыйлығының лауреаты, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы» атануы еліне сіңірген еселі еңбектерінің жемісі, халықтың құрметі.

Жаратушы ие қарға екеш қарғаға 300 жыл ғұмыр сыйлапты, алайда, ең сүйіктітісі адам баласына сирек те болса 100 жас беріп, сүйікті перзентіне мәңгілік ғұмырды тарту еткен екен. Сол мәңгілік ғұмырыңыз ол сіздің қаныңыздан жаратылған перзенттеріңіз, немерелеріңіз, шөберелеріңіз. Жақсы аға, алда Алланың көрсетер қызығы, берер жасы көп болсын!»

**Жәнібек ҒАПБАСҰЛЫ**

«Ағамыздың бойында 80 түрлі өнер бар десем – артық болар, ал, сегіз өнерден асады - десем – кем соғар. Ол–домбырашы, баяншы, әнші, жыршы, сазгер, өлеңінің сөзін өзі жазады, ағаштан ою оятын шеберлігі тағы бар. Мұның сыртында ол кісінің жазған жазуы керемет қой! Әріптерді «қошқар мүйіздендіріп» көркемдеп - құбылтып жазудың хас шебері. Заманында партияға өткендердің 80 пайызының партбилеті Кәки ағаның қолымен жазылған. Мұның сыртында ағамыздың спортшылығы өз алдына. Спортқа деген құмарлығын мектептен бастаған ағамыз – оны осы күнге дейін жалғастырып келеді. Қаладағы «Қайрат» спорт кешеніне жетісіне төрт рет барып, түрлі жаттығулар жасайды. Арасында велосипед те теуіп қояды. Ағамыздың ерекше ден қойған спорт түрі волейбол. Ол аудандық құраманың мүшесі ретінде, өз кезінде облыстық деңгейдегі жарыстарға қатынасып, команданың бірінші, екінші орындарға шығуына зор үлес қосқан. Ағамыздың сөзін де, әнін де өзі жазған «Алтын ұя бесігім», «Мен–бақытты қазақпын», «Елім менің!», «Арқалық–астанасы Торғайымның», «Ардагерлер» әні аймақта сахнадан түспей, орындалып жүр. Ағамыз – өте қарапайым жан. Бір қалыптан ешуақытта өзгермейді. Сабырлы, салиқалы, қашан көрсең де жылы жүзімен амандасып, өзіне іш тартып, хал-жайыңды сұрап жатады.

Осы ғұмырының ішінде ағамыздың еліне, халқына жасаған қызметі Үкімет тарапынан лайықты бағаланып келді. «Еңбек Қызыл Ту» ордені бастаған, «Ерен еңбегі үшін» медалі қостаған 15 түрлі орден, медальдар омырауында жарқырағанда ағамыздың абыройы асқақтай түседі. Бірнеше дүркін облыстық байқаулардың лауреаты, дипломанты, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы». Ағамыз – ордалы отбасының Абыз бабасы. Жапырақтары жайқалған мәуелі бәйтерек. Халқының қадірменді қариясы. Осылай ортамызда әрқашан аман жүрсе деп тілеймін!»

**Әбдіқадыр ӘБІЛТАЕВ**

«Кәки Шәріпұлы халқымыздың жыршылық, термешілік өнерін де жанына серік еткен. Абайдың "Ескендір" поэмасын, "Қызыр мен Мұса" халық дастанын, Файзолла Сатыбалдыұлының "Тоқымбет - Гүләйім" хикаятын, Нұрхан Ахметбекұлының, атақты Орынбай, Шал ақындардың шығармаларын шырқау биігіне жеткізе орындайды.

Қалалық ардагерлер ұйымының жанынан құрылған "Қазына" шығармашылық көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы ел аузында. Бұл үйірме Кәки Шәріпұлының бастауымен 2000 жылы құрылып, күні бүгінге дейін халыққа қалтқысыз қызмет көрсетіп келеді. Кәки ағаның күйшілік, әншілік, жыршылығымен қоса сазгерлік қасиеті де бар. Өзі сөзін де, әнін де жазған "Менің елім!", "Қаһарман ерлерім!", "Ардагерлер әні", "Арқалық - астанасы Торғайымның" тәрізді әндері облыстық байқауларда алдыңғы орындарға ие болып, лауреат атанып жүр. Осындай кеудесі алтын сандық, өнер иесі, абыз ақсақалымыз ортамызда әрқашан аман жүрсін».

**Мұрат ЖҮНІС**

***Ел азаматтары осылайша ой – пікірлерін білдіріп, Кәки АҚАН атамыздың сан қырын сөз еткен болатын. Иә, «қарияң қайсы?», десе, мақтанышпен көрсететін асыл қартымыздың бірегейі Кәки ШӘРІПҰЛЫ екені анық. Жалынды жастық шағын, күш – қуатын, ерік – жігерін өңіріміздің дамуына арнап, қызмет етті. Жасы ұлғайып, зейнетке шыққан соң да өнерімізді насихаттап, ұрпақтың тәлім – тәрбиесіне араласып, қариялардың өмір жолын, мол тәжірибесін осы салаға бағыттап, жұмыс жасады. Бүгін де жасы сексеннен асып, тоқсанға тақаған уақытта да, ауқымды қоғамдық шараларға атсалысып, елге өзі жазған ақ батасын беріп, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүр. Олай болса, асыл қариямызды 87 жасқа толуымен біз де құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз! Сексеннен сергек өттіңіз, тоқсан жасқа да тоқтамай, жүз жасыңызды да тойлауға жазсын!***

**Дархан АМАНТАЙҰЛЫ**



# Композиторлар одағына мүше болды

**Арқалық қаласының Құрметті азаматы, өнер жанашыры, Кәки АҚАНҒА Қостанай облыстық «Композиторлар одағы» ҚБ -нің куәлігі табыс етілді.**

Мұндай мәртебелі атақ Кәки ШӘРІПҰЛЫНА қаламызда өткен дәстүрлі облыстық «Өнеріміз саған, Қазақстан!» аталатын XXXV ші көркемөнерпаздар фестивалінде салтанатты түрде берілді.

Кәки ШӘРІПҰЛЫ жастайынан өнерге бейім болған. Мектеп жанындағы көркемөнерпаздар үйірмесінің белгілі домбырашысы, кейін Амангелді аудандық Мәдениет үйіне көркемдік жетекші қызметіне тағайындалады. Одан соң Қостанай қаласынан баян аспабының курсын тәмамдайды. Қобызшы Қазбек, әнші Құтжан ағаларымен бірге ауданның мәдениетін, өнерін көтеруге үлкен үлес қосқан. Аудандық ұлттық оркестрдің бас домбырашысы болып, көпті өнерімен тәнті етті.

Өмір жолында сан салада жауапты қызметтер атқара жүріп, өнерден қол үзген жоқ. Зейнетке шыққан соң да, өзі жетекшілік еткен Арқалық қалалық ардагерлер ұйымы жанынан «Қазына» көркемөнерпаздар ұйымын құрып, облыс көлемінде танылды.

Өзі туып – өскен Амангелді ауданының 90 жылдық тойына арнап «Алтын ұя бесігім» әнін жазған. Мұнан бөлек әр жылдары жазған: «Елім менің», «Қаһарманым, ерлерім», «Арқалық астанасы Торғайымның», «Ардагерлер әні», «Мен бақытты қазақпын» өлең – әндері түрлі сахналарда орындалып жүр.

Осылайша, өңірдің өнері мен мәдениетін дамытуға зор үлес қосқан Кәки атамыз облыстық композиторлар одағына мүше болып отыр. Кәки ШӘРІПҰЛЫН осы марапатымен құттықтай отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

## *Еңбек етсен еленерсің...*



Қостанай облыстық ардагерлер кеңесі
Қостанай облыстық мәдениет басқармасы
Қостанай облыстық кәсіподақтар кеңесі

МАДАҚТАМА

Ардагерлер ұйымының 25 жылдық мерейтойына арналған көркемөнерпаздар байқауын ұйымдастырудағы белсенділігі үшін

Арқалық қалалық ардагерлер кеңесі

марапатталады

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы К. Үкін
Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Л.Сероус
Облыстық кәсіподақтар кеңесінің төрағасы Б. Иртаева

31 қазан 2012 ж.
Қостанай қ.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
«АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

ДИПЛОМ

«ҚАЙРАН ЕРЛЕР, ҚАҺАРМАН АРДАГЕРЛЕР!»
ардагерлер ұйымының көркемөнерпаз шығармашылығы республикалық байқау – фестивалі

Аспаптық орындаушылық номинациясы бойынша

III жүлде

«Қазына» қазақ ұлттық аспаптар ансамблі
(Қостанай облысы)
марапатталады

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедиұлы
«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ө. Озғанбаев



«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қостанай облыстық филиалы
Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы

Диплом

Ардагерлер және ардагерлер ұйымдары шығармашылық ұжымдарының «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» облыстық фестиваль-байқауын ұйымдастыру және өткізудегі зор белсенділігі үшін
Арқалық қалалық ардагерлер кеңесі
марапатталады

Төраға К. Үкин
Басшы Л. Сероус

Қостанай, 2014



# Мадақтама
# Грамота

«Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы»
мемлекеттік мекемесі

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай шығармашылық табыстары мен белсенді қызметі үшін «Қазына» ардагерлер ансамблінің жетекшісі**
***Ақан Кәки Шәріпұлы***
**марапатталады**

**Басшы** **Л.Серәус**

Қостанай қаласы
2013 жыл



Қазақстан халықтарының
Қостанай облыстық Ассамблеясы
Облыстық мәдениет басқармасы

# ДИПЛОМ

«Елім менің» әні үшін
Қазақстан Республикасы
тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған
"Менің туған өлкем" - "Мой край родной"
атты облыстық VI әндер фестивалінің
лауреаты Ақан Кәки Шәріпұлы
марапатталады.

Қазақстан халықтары облыстық
Ассамблеясының төрағасы Ө.ШӨКЕЕВ

Облыстық мәдениет
басқармасының бастығы Р. ҒАЙСЕНОВА



# ГРАМОТА

## НАГРАЖДАЕТСЯ

*Ақан Кәкимолла,*
*занявший 2 место в конкурсе самодеятельных поэтов в честь 55-летия Победы, с присвоением звания «Лауреат литературной премии «Костанаец - смелый защитник Отечества»*

| Начальник областного управления культуры | Председатель областного Совета ветеранов | Председатель жюри конкурса |
|---|---|---|
| Р.Гайсенова | Д.Брусник | А.Денисов |

6 мая 2000г. г.Костанай

## *Суреттер сыр шертеді*





**Бауыры Хабимолла Шәріпұлы (1932-1998)**

**Анасы Мейрамқызы Күлизат (1911-1978)**



**Жұбайы Гүлшарамен**



**Аманкелді орта мектебінің 1953 жылғы түлектерінің 50 жылдан кейін кездесуі**



**ҚР премьер Министрі Ахметов Даниал Кенжетайұлы Кәки Шәріпұлының отбасында. Арқалық қаласы, 2005 ж.**



**Республикалық ардагерлер ұйымының Ү-ші съезіне қатысушылармен**



**Қала әкімі Т.Төлеубаев ҰОС Жеңістің 65 жылдығы мерекелік медалін тапсыруда. Арқалық қаласы, 2010 ж.**




**Жұбайы Гүлшараның 50 жас тойында**



**Отбасылық құрбылармен**




**Петропавл қаласында өткен ардагерлер ұйымының Республикалық кеңесіне барған Қостанай облысының делегациясы. Ортада: Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Укин Кенжебек Үкіұлы.**
**Петропавл қаласы, 2012 ж.**



**Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығы мерекесіне орай соғыс ардагерлерін Астанаға саяхатқа апару. 2010 ж.**



**Кәки Шәріпұлы соғыс ардагерлерін құттықтауда**




**Арқалық қаласында өткен облыстық семинарға қатынасушылар. Арқалық қаласы, 2014 ж.**



**Ұлы Отан соғысының ардагері Т.И. Пуцыкинаны туған күнімен құттықтау. Қала әкімі Берік Әбдіғалиұлы, Кәки Шәріпұлы. 2013 ж.**



**Шаттық қонған шаңырақ**



**Өнерін өміріне серік еткен**



**«Қазына» ұжымының халықтық атағы бар хоры. Астана, 2016 ж.**




**«Қазына» ардагерлер шығармашылық көркемөнерпаздар ұжымының ұлт аспаптар ансамблі**



**Кәки Шәріпұлы отбасымен.**
**Жұбайы Гүлшара, ұлы Әділ, келіні Айым,**
**немересі Айбибі. Арқалық, 2015 ж.**

Кітапханадағы іс-шарадан көрініс






Арқалық қаласының құрметті азаматы, батагөй ақсақал, ұлт өнерінің шын жанашыры, композитор Ақан Кәки Шәріпұлына Қостанай облыстық "КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫ" ҚБ куәлігі табыстады.

## Кәки Шәріпұлының арнау - өлеңдері, әндері

### *Анама арнау*

***/Анам Күлизат Мейрамқызына/***

Уа жұртым! Ананы кім сыйламаған,
Өмірін баласы үшін қинаған жан.
Түн ұйқысын төрт бөліп, көзін ілмей,
Тілеген саулығың ды бір Алладан.

Асыл жан дүниеде Ана ғана,
Мәпелеп, тәрбиелеп құйған сана.
Баламның табанына кірген шөңгір,
Қадалсын маңдайыма дейтін ана.

Есімі жан анамның еді Күлизат,
Ақылына ісі сай келген ғажап.
Ел-жұрты ілтипатпен сыйлаушы еді,
Ұрпағына ерекше асыл қымбат.

Айрылып әкемізден жастай қалды,
Қиындық тауқыметін құдай салды.
Бүлдіршін балаларын жеткізем деп,
Күні-түні бейнетпенен жан қинады.

Көрсе де қиындықтың қандай түрін,
Мойымай көтерді ғой соның бәрін.
Қиынды қиыстырып үлгіртуші ед.
Келтіріп әрбір істің көркем-сәнін.

Әрқашан жақсы істің ұйытқысы еді,
Сондықтан болды елінің сүйіктісі.
Үлкенге ұлағатты келін болса,
Жастары анасындай сүюші еді.

Ақ көңіл, ашық-жарқын мейірімді еді,
Жүзінен нұр құйылып тұрушы еді.
Замандас, құрбы-құрдас ортасын да,
Ерекше сыйластықпен жүруші еді.

Адамнан жақсылығын аямаған,
Ұрпағы бауырында саялаған.
Бәрін де бір баладай көруші еді,
Мәпелеп, бағып-қағып аялаған.

Анадан бірге туған екеу едік,
Көрмедік ешнәрседен біздер кемдік.
Оқу оқып, ер жетіп, адам болып,
Ананың арқасында қатарға ендік.

Жанындай жақсы көрді туған елді,
Кір жуып, кіндік кескен қайран жерді.
Есілін бір көрмесе тұралмаушы ед,
Сағынып мөлдір суын, қырқа белді.

Бір жасап қайтушы еді барған сайын,
Қуанып қалушы еді бар ағайын.
Жүздесіп, дидарласып үлкен жаспен,
Сағынып оралушы ед мекен-жәйін.

Тірегі, тұтқасы еді отбасының,
Береке-бірлік пенен, бар жақсының.
Жүргенде ортамызда асыл анам,
Ойламай жүруші едім дүние қамын.

Сапарға жолаушылап кетсем егер,
Тағатсыз тосушы еді оралғанша.
Беймезгіл уақытта келсем дағы,
Күтуші ед бес жастағы баласынша.

Тағамның жылы-жұмсақ, қаймақ-майын,
Әзірлеп мені күтіп отыратын.
Анашым мұңыныз не? десем егер,
Іше ғой күнім менің деп тұратын.

Кім айтар осы сөзді енді маған,
Өзіңнен басқа менің қайран анам.
Елжіреп, еміреніп тұрғаныңды,
Анашым қалай ғана ұмыта алам.

Сұм ажал алып кетті-ау, анамызды,
Қамқоршы болған біздің панамызды.
Ел-жұрты жылай-жылай қалды артында,
Торқалы болсыншы деп топырағы.

Қош-сау бол асыл анам, аяулы анам,
Ұмытпас мәңгі сені Кәки балаң.
Емізген қос анардан ақ сүтінді,
Білмеймін, қалай оны өтей алам.

Бас иіп құдіретіңе табынамын,
Алладан иман тілеп жалынамын,
Есіме түскен сайын мен өзіңді,
Анашым сағынамын, сағынамын.
Мәңгіге мен өзіне қарыздармын.

Аманкелді. Қараша. 1989 жыл.

## *Гүлшарама арнау*

*/Елуге жасы келгенде/*

Домбыра шіркін домбыра,
Алсам бір сені қолыма,
Құдіреті күшті киеңмен,
Шабыт берер бойыма.
Оралар өлең ойыма.
Келді міне шабытым,
Түзелер енді шабысым.
Бойы қызған жүйріктей,
Кәки енді шалқысын.
Уа, менің қонағым,
Бүгінгі той мен үшін.
Ерекше боп саналар,
Келтірген бізді өмірге,
Аналар ғой аналар.
Сол ананың біреуі,
Осы тойдың иесі,
Құдай қосқан қосағым,
Гүлшарам менің саналар.
Тойды өзім бастайын,
Жалған сөзді қоспайын,
Гүлшарамның болмысын,
Сіздерге мен айтайын.
Ренжуді білмейтін,
Қабағын әсте түймейтін,
Қашан көрсең жадырап,
Күліп қана сөйлейтін.
Пейілің кеңге салатын,
Ешқашан да тарылмай,
Үлкен менен кішіні,
Жылы қарсы алатын,
Адал асын алдына,
Ақ ниетпен қоятын,
Қонағы дән риза боп,
Ықыласына тоятын.
Ағайынды сағынып,
Ішіне жақын тартатын,
Балаларын аялап,

Бауырына басатын,
Құрбыларымен әзілі,
Жарасым тауып жататын,
Гүлшарам ғой Гүлшарам.
Дәстүрің атам қазақтың,
Жадында мықтап сақтаған
Қастерлеп әрбір жол-жөнін,
Жастарға үлгі нұсқаған,
Әр нәрсенің ыдығын,
Жөніменен істеген,
Әруақтарға бас иіп,
Алладан медет тілеген,
Дұғамен жасап қызмет,
Мұсылмандығын үзбеген,
Гүлшарам ғой, Гүлшарам.
Еңбекті аса қадірлеп,
Абироймен атқарған,
Тындырымды ісі үшін,
Көп алдында мақталған.
Қайырым жасап адамға,
Қол ұшын беруге асыққан,
Пайдасы тисе азырақ,
Көңілі өсіп тасыған,
Үлкен менен кішінің,
Алғысына бөленіп,
Келеміз шүкір бас аман.
Алланың бұлда бергені,
Қанағат етем осыған.
Жиналған мейман, қонағым,
Осылай мен толғадым.
Мерей тойдың иесі,
Сүйікті де, сүйкімді,
Гүлшарам менің болған соң.
Өз атымнан тілерім,
Мол бақыт пен денсаулық.
Бір Алла өзі жар болып
Жадырап, әм күлімдеп,
Ортамызда жүргенің.
Әділ өсіп ер жетіп,
Қызығын соның көргенің
Немереңді аялап,

Бал дәурен өмір сүргенің.
Көре алмаған дұшпанның,
Іші күйіп от болсын,
Жарастықпен жүздескен,
Маңайын әмән дос болсын.
Жарыңның осы тілегін,
Бір Алла өзі хош көрсін.

*Арқалық. 17 наурыз 1999 ж.*

## ***Немерелерімнің ең кенжесі Айбибіге***

Немерем келіп өмірге,
Шаттыққа толды үй іші.
Құмарымды қаңдырды,
Сәбилік жұпар иісі.

*Қайырмасы:*

Азан шақырып дәстүрмен,
Есімің қойдым Айбибі.
Ғұмыр жасың ұзақ боп,
Еліңнің болшы бір гүлі.

Сәбиім үшін сіздерге.
Ақ дастархан жаямын.
Ән мен күйден шашу шаш,
Тойға келген қонағым.

*Қайырмасы:*

Айбибі бүгін сіздерге
Сәбилік алғыс айтады.
Тойдан кейін бесікте,
Тәтті ұйқыға батады.

Айналдым мен, айналдым,
Айбибідей ботамнан,
Бақытты бол құлыным,
Аталардан бата алған.

*Маусым. 2014 жыл.*

## ***Арқалық - астанасы Торғайымның***

*/қаланың 55 жылдығына арналады/*

Арқалық – астанасы Торғайымның,
Білімнің нәрін сепкен Ыбырайым.
Ахмет, Мыржақыптай арыстардың,
Арманын асқақтатқан ұрпағымын.

*Қайырмасы:*

Киелі мекенім,
Өзіңді сүйемін.
Ардақтап атыңды,
Соғады жүрегім.
Сәулетті көркіңе,
Сүйсіне қараймын.
Жаңарып, жайнай бер
Арайлы Арқалығым.

Арқалық ару қалам, әсем қалам,
Көркіңе таң қалады көрген адам.
Халқың бар қиындықтан тайсалмайтын,
Сеніммен болашаққа басқан қадам.

*Қайырмасы:*

Мерейлі мерекең.
Құтты болсын Арқалығым.
Шашу боп шашылсын,
Тойыңа ән менен жыр.
Атағың асқақтап,
Биіктен көрінсін,
Көгінен ай менен күн,
Шуағы төгілсін.

*2015 ж.*




## *Ардагерлер әні*

Ардагерлер ардақтысы елімнің,
Қан майданда көрсеткен ол ерлігін.
Бейбіт күнде ел байлығын еселеп,
Кен қопарып, мал өсіріп, екті егін.

*Қайырмасы:*

Ардагерлер, ардагерлер,
Қазынасы халқымның.
Ардагерлер, ардагерлер,
Алтын қоры салтымның.

Ардагерлер, ардагерлер,
Қолдаушысы ұрпақтың,
Аман болшы, аман жүрші,
Ортамызда ардагер.

Ардагерлер ел сенімін ақтаған,
Ардагерлер ел бірлігін сақтаған.
Ардагерлер бүгін сапта, қатарда,
Даналықпен елдің көшін бастаған.

*Қайырмасы:*

Ардагерлер сиремесін қатарың,
Асқақтасын абырой мен атағын.
Сіз тілеген ел иесі жастарға,
Шапағаты тие берсін Ақ батанның.

*2011 жыл.*




## *Аға туралы жылы лебіздер*

«... Кәки бала жасынан байсалды, ұстамды, мінезі ауыр, кішіге де, үлкенге де еңбексүйгіштігімен, білімділігімен, мәдениетті жүріс-тұрысымен үлгі » тұтар,

жастарға аға, жасы үлкендерге қадірлі іні болып өсті. Кәки –жалын тартып, атқа ерте мінген азамат. Оның адамгершілікті, өнерді, білімді өз басына топтай жинағаны, «сегіз қырлы, бір сырлы» үлкен жүректі парасаттылығы жетеледі. Оның бойына жасынан қалыптасқан қасиет өзіне тапсырылған қызметті үлкен-кішіге баламай, қашан да жауапкершілікпен қарауға әдеттенген. Еліне сыйлы, жүрген жерінде үлкен кішіге құрметпен қарайтын Кәки Ақан ата-анасының аялы алақаның, ұлағатты тәрбиесін, жақсы азамат болуды тілеген тілектерін ақтауды жасынан сезініп өсті. Кәки сан-салалы өнерімен қоса, дін жолын бірге алып келе жатқан жан».

***Төлеу Нұрманұлы,***
*сыныптас құрдасы*

******

«...Кәки аға Ұлы Жаратушының ерекше шапағат-нұрына бөленген азамат десек артық айтқандық болмас. Бұл кісі табиғатынан қарапайым, менмендігі жоқ, үлкенге сыйлы іні, кішіге қамқор аға болып келе жатқанбайлықты, барлықты қумай адамгершілікке толы өнерді қуған ерекше тұлға. Көркіне сай өнердің барлық саласын меңгерген ағамыз әнші, күйші, термеші, баяншы, спортшы, он саусағынан өнер тамған шебер екенін жүре көрдік. Ұлық болған сайын кішік болып келе жатқан ағамыз кешегі кеңестік дәуірде имандылыққа бет бұрып сол жолды жария етпей, ешкімге естіртпей толық мағынасында меңгерген асыл азамат.

Діндар Кәки аға дін сабағын атақты Құран қари Мұхаммед Файзолла Сатыбалдыұлынан үйренгенін, бүгінгі Кәкидің құран оқудағы мақамы Файзолланның мақамы екені екінің бірі біле бермейді. Сол әруақты, әулие абыздың ізгі істері мен сөз саптауын, имандылық уағыздарын, адами қасиеттері мен өнерін бойына сіңіре білген бүгінгі ел ағасы қай орта да шоқтығы биік, еңсесі жоғары».

***Шөптібай Байділдин,***
*өнертанушы*

******

«...Кәки Шәріпұлы шынында да сегіз қырлы, бір сырлы. Жасынан өнерге құмар болуына өзінің сол кездегі тұрғыластарының әсері болғаны анық. Замандастарының бәрі ауыл өмірін гүлдендіруге, мәдениетін жетілдіруге жұмыла кіріскен күндерін Кәкең арман етеді. Кәкең шынында да өнер адамы. Қазақтың халық әндерін нәшіне келтіріп орындайды. Әсіресе, Ақан серінің, үкілі Ыбырайдың әндерін айтқанда бар болмысымен айтады. Ал жыр әлеміне бойлатып жіберсең, бір мүдірместен айтып беретінің қайтерсің. Абайдың «Ескендір» поэмасын, халық дастаны «Қызыр мен Мұсаны», Файзолла ишан Сатыбалдыұлының «Тоқымбет -Гүлайым» хикаясын өз ырғағымен жаңылмай айтуы Кәкеннің үлкен жүректі, туған халқының көне мұраларын қастерлей білетін ұлтжандылығын байқатса керек».

***К. Батырғалиқызы,***
*«Арқа хабары» газеті*
*10 қыркүйек, 1999 ж.*

******

«...Кәки Шәріпұлының құдды бір Торғайдың ғана емес, ұлттық өнеріміздің де шежірешісі дерсіз. Және де ол білмейтін Торғай мен Арқалыққа қатысты мәселе тағы да жоқ. Өнер, ән мен күй жайлы түйдектетіп ой түйіп, нақтылықты қолмен қойғандай етіп төгілдіре сөйлеп, домбырасын қоса күмбірлетіп жібереді. Абыз ағамыздың білімділігін санамалап шығу қиындау бізге. Және де оның бойына біткен бір қасиеті «мен болдым, толдым» демей, маңызданып, лаңданбай-ақ барын ортаға жайып салады. Сол жолда жасына қарамай қыруар еңбек етуден де шаршамайды. Қаңына сіңіп, жүрегіне ұялаған біліктілігін ұрпақ санасына сіңіруден әсте де жалықпай, қайта жанып түседі. Жарқылдап шығатын үнінде адамды баурап алатын жылылық бар, осы кісімен сөйлесіп, дұрыс деген бір ауыз сөзін есту өзімен қатарлас қызмет етіп жатқан біздердің бойымызға қуат беріп, тынысымызды кеңейтеді».

***Майра Шөкен,***
*Қазақстанның құрметті журналисі*

## МАЗМҰНЫ


1. Болмысы бөлек тұлға.................................................................. 5-6

2. Кәки Ақанның мерзімді басылым беттерінде жариялаған мақалалар тізімі........................................................................ 7-8
3. Ол туралы........................................................................................ 9-10
4. К.Ақанның тағылымды туындысы.................................................... 11
5. Ол туралы жарияланған кітаптар...................................................... 12-13
6. Кәки Ақанның мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалары......................................................................... 14-20
7. Еңбек етсен еленерсің.................................................................. 21-22
8. Суреттер сыр шертеді..................................................................... 23-33
9. Кәки Шәріпұлының арнау-өлеңдері, әндері..................................... 34-42
10. Аға туралы жылы лебіздер............................................................... 43-44

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:***

***110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы,***

*Родина ауылы*

*Гагарина көшесі, 21. Тел. 2-10-18*

*E – mail:cbs10@mail.ru*

*Құрастырушы: С. М. Көшкінбай*

*Компьютерлік терілім: С. М. Көшкінбай*

*Редактор: Л.Б. Исабекова*

*Шығарылымға жауапты: Д.Е. Құсайын*

*Басуға қол қойылды: 18.08. 2025*

*Таралым 5*

*Басылым: ксерокс*